Аудармасы

Қ А З А Қ С Т А Н Р Е С П У Б Л И К А С Ы А Т Ы Н А Н
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 шілде №3514-23-00-2/2424 Іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева,
сот отырысының хатшысы Н.Е.Какеновaның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№85 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР
Дара кәсіпкер «НҰРБОЛ» Нурбол Абдимомынович Райханов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР
Талап қоюшының өкілі С.В.Булгакова,
Жауапкер Н.А.Райханов
Аудармашы А.Ж.Абдрахманова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2023 жылғы 17-ші наурызда Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№85 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен дара кәсіпкер «НҰРБОЛ» Нурбол Абдимомынович Райхановтың (өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №230027 шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарттың мәні - ерекшелігі бойынша балаларға арналған, киімге арналған металл шкафтарды сатып алу.

Шарттың жалпы сомасы 1887952 теңгені құрайды.

Өнім берушімен міндеттемелерін орындау уақыты шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде деп белгіленген.

Шарттың 8.1. талабына сай, тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында

тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2023 жылғы 31-ші желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт аумақтық қазынашылық органында 2023 жылғы 24-ші наурызда тіркелді, демек, тауар 2023 жылғы 24-ші сәуірге дейін жеткізілу керек.

Шарт қолданылу мрзімі 2023 жылғы 31-ші желтоқсанға дейін белгіленген.

Өнім берушімен өзіне алған міндеттері орындаламағандықтан, тапсырыс беруші оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады. Түсініктемесінде, жауапкердің 10 әлеуетті өнім берушінің арасынан төмен баға ұсыну арқылы конкурстың жеңімпазы атанғаны, шарт талабы орындалмағаны, сол себептен мектептің аттестаттаудан өтпегендігі туралы айтты. Кәзіргі таңда, шарт бұзылып, қаражат мемлекетке қайтарылып, жаңадан конкурс жарияланғаны туралы тағы түсініктемелер берілді.

Сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындамайтынын, оның себебі, тапсырыс берушімен сметаның дұрыс жасалмағанына байланысты екендігін және Шарт бағасына шкафтарды жасау мүмкін еместігін, егер жасалған өнімді талап қоюшы қабылдаған жағдайда, тұрақсыздық айыпты төлейтіндігін түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386 бабының 1 мен 3-тармақтарына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (осы Кодекстің 393-бабы). Егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 45-баптың 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Заңның 12-бабындағы 4-тармағы 3-тармақшасының талаптарына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан

Документ подписан: Тастанбаева Г. О., 19.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Тастанбаева Г. О., 11.04.2024

Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотпен анықталғаны, тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты «бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде жасалған.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Істі қарау барысында, жауапкермен белгіленген мерзімде Шарт талаптарының орындалмағаны және оның елеулі ережелерінің бұзылғандығы анықталды.

Жауапкердің Шарттың сметасы мен құнының дұрыс еместігі туралы уәждері негізсіз, өйткені жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шартқа қол қойып, келісімге келіп, тауарды оның талаптарына сәйкес жеткізуге міндеттеме алған.

Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауы Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарының бары анық, өйткені талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалды.

Сотқа жауапкермен басқа уәждер келтірілген жоқ.

Талап қою Заңмен бекітілген мерзімнен кешіктірілмей сотқа берілді.

Бұл жағдайда, сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талап қою қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Азаматтық процестік кодексінің 117 бабына сәйкес, талап қоюшының төлеуден босатылған мемлекеттік баж, мемлекет пайдасына жауапкерден өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226,403 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш Т І:

Талап қою - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «НҰРБОЛ» Нурбол Абдимомынович Райханов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мемлекет кірісіне дара кәсіпкер «НҰРБОЛ» Нурбол Абдимомынович Райхановтан мемлекеттік баж 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Тастанбаева Г. О., 19.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Тастанбаева Г. О., 11.04.2024

Шешімге тараптар, прокурор, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облыстық қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және/немесе өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Көшірме дұрыс

Судья Тастанбаева Г.О.

Шешімді аударған аудармашы А.Ж.Абдрахманова

Документ подписан: Тастанбаева Г. О., 19.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Тастанбаева Г. О., 11.04.2024

3514-23-3-1/2443